

Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы Целинная көшесіне қайта атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 15 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 наурызда № 27052 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Шыңғырлау ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы Целинная көшесі Тыңигерушілер көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі

А. Каражанов